

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан
аударымдар есебінен қалыптастырылған
нысаналы жинақтар және нысаналы активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілік және
Тәуелсіз Аудитордың Аудиторлық Есебі

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Мазмұны

Беті

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ	2-5
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:	
Таза нысаналы активтер туралы есеп	6
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	7
Таза нысаналы активтердегі өзгерістер туралы есеп	8
Қаржылық есептілікке ескертулер	9-16

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік жөніндегі

Басшылық Мәлімдемесі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қор») басшылығы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – «ҚЕС») сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударымдар есебінен қалыптастырылған нысаналы жинақтардың және нысаналы активтердің (бұдан әрі – «Нысаналы активтер») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, осы күні аяқталған жыл іші қызмет нәтижелері, ақша қаражатының қозғалысы мен таза нысаналы активтердегі өзгерістер шынайы көрсететін қаржылық есептілікті дайындауға жауапты. Қаржылық есептілікті жасаған кезде есеп беретін ұйым ретінде Қор «Нысаналы активтер» ұғымын пайдаланады.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:

- есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдау және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе талаптар Нысаналы активтердің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға;
- Нысаналы активтердің өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Сонымен қатар Басшылық:

- Нысаналы активтердегі ішкі бақылаудың сенімді және тиімді жүйесінің қызметін әзірлеуге, енгізуге және қамтамасыз етуге;
- Нысаналы активтердің қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдауға;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Нысаналы активтер төлемдерін қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық шараларды қолдануға;
- алаяқтық және басқа да асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

Осы 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікті шығаруға Қор басшылығы 2026 жылғы 5 наурызда бекітті.

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 5 наурыз

Алматы қ., Қазақстан Республикасы



Саринова Аманкүл Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2026 жылғы 5 наурыз

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Акционеріне:

Пікір

Біз 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза нысаналы активтер туралы есептен, 2025 жыл іші ақша қаражат қозғалысы туралы және таза нысаналы активтердегі өзгерістер туралы есептерден, сонымен қатар қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясаты туралы елеулі ақпараттан тұратын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Қор») Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударымдар есебінен қалыптастырылған нысаналы жинақтардың және нысаналы активтерінің (бұдан әрі - «Нысаналы активтер») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Нысаналы активтердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсынуы қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – «ҚЕС») сәйкес осы күні аяқталған жыл іші ақшалай қаражат қозғалысын және таза нысаналы активтердегі өзгерістерді барлық маңызды тұрғыдан шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне («Кодекс») сәйкес жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын тәуелсіздік талаптары бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Нысаналы активтерге қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

«Делойт» атауы «Делойт Туш Томацу Лимитед» (бұдан әрі — «ДТТЛ») құрамына кіретін және бірлесіп «Делойт» ұйымы» деп аталатын заңды тұлғалардың (олардың үлестес тұлғаларын қоса алғанда) біреуіне не кез келген санына жатады. «Делойт» халықаралық желісі «деп аталатын «ДТТЛ» компаниясы, «ДТТЛ» — ға қатысушы барлық фирмалар және олардың үлестес тұлғаларының әрқайсысы бір-бірінің атынан үшінші тұлғаларға қатысты міндеттемелер қабылдауға құқығы жоқ дербес және тәуелсіз заңды тұлғалар болып табылады. «ДТТЛ» компаниясы, сондай — ақ «ДТТЛ» әрбір қатысушы-фирмасы және әрбір үлестес тұлға бір-бірінің іс-әрекеттері мен оққылықтарына қатысты жауапты болады. «ДТТЛ» компаниясы клиенттерге тікелей қызмет көрсетпейді. Толығырақ ақпаратты сайттан білуге болады www.deloitte.com/about.

Маңызды жағдайлар – бухгалтерлік есепке алу қағидаты

Біз есеп қағидаттары келтірілген қаржылық есептілікке 2-ескертуге назар аударамыз. Бұл қаржылық есептілік Нысаналы активтердің реттеуші органның талаптарын сақтауы мақсатымен дайындалған. Демек, қаржылық есептілік басқа мақсаттар үшін жарамсыз болуы мүмкін. Бұл біздің пікірімізге ескертпе қосуға әкелген жоқ.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті дайындауға және оның ҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше ықылассыз әрекеттер немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Нысаналы активтердің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Нысаналы активтерді таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Нысаналы активтердің қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Нысаналы активтердің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуды бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Нысаналы активтердің өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Нысаналы активтердің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуды, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.



Олжас Ашуов
Тапсырма бойынша серіктес
2019 жылғы 10 қаңтардағы
№МФ-0000715 біліктілік куәлігі



Жангир Жылысбаев
«Делойт» ЖШС
бас директоры

Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметпен айналысуға
№0000015 мемлекеттік лицензия,
типi МФЮ-2, Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
Таза Нысаналы Активтер туралы Есеп
(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескерту лер	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және оның баламалары	3	40,009,474	13,662,258
Активтер жиыны		40,009,474	13,662,258
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Нысаналы жинақтар	4	39,838,099	13,329,097
Нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелер	4	171,375	333,161
Міндеттемелер жиыны		40,009,474	13,662,258
Таза активтер жиыны		-	-

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2025 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

9-16-беттердегі ескертулер қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Сариева Аманкүл Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2025 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп
(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескерту- лер	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер			
Нысаналы активтердің түсімі	4	39,227,327	13,731,931
Нысаналы жинақтарды төлеу	4,5	(11,916,424)	(2,237,339)
Операциялық қызметтен түсетін ақшаның келуі		27,310,903	11,494,592
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы		27,310,903	11,494,592
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		13,662,258	-
Ақша қаражатының қозғалысын ұсыну валютасына қайта есептеудің әсері		(963,687)	2,167,666
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	3	40,009,474	13,662,258

Басшылық атынан:

Күрманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2025 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

9-16-беттердегі ескертулер қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Саринова Аманкүл Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2025 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Таза нысаналы активтердегі өзгерістер туралы есеп
(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескерту- лер	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 1 қаңтар 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін
Нысаналы активтердің түсімі	4	39,227,327	13,731,931
Нысаналы жинақтардың өзгеруі		(26,509,002)	(13,329,097)
Төлеуге міндеттемелерді қоса алғанда, нысаналы жинақтарды төлеу	4	(12,087,799)	(2,570,500)
Ақша қаражатының қозғалысын ұсыну валютасына қайта есептеудің әсері		(630,526)	2,167,666
Таза нысаналы активтердегі өзгерістер		-	-

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2025 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

9-16-беттердегі ескертулер қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



Саринова Аманкүл Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2025 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер

(Қазақстандық мың теңгемен)

1. Ұйым

Осы қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударымдар есебінен қалыптастырылған нысаналы жинақтарды және нысаналы активтерді (бұдан әрі – «Нысаналы активтер») Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі («ҚРҰБ») Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына және ҚРҰБ Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – «ҚЕС»), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 қаулысымен бекітілген Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларына (бұдан әрі – «Қазақстан Республикасының құқықтық актілері») сай көрсетеді.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) енгізілді. Бағдарламаға сай барлық балаларға (нысаналы талаптарға қатысушыларға) – Қазақстан азаматтарына жыл сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының инвестициялық кірісінен есепті жылдың алдындағы он сегіз жыл үшін орташа алынған 50% есептеледі (бұдан әрі – нысаналы талаптар), сондай-ақ жыл сайын есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша нысаналы талаптар сомасына инвестициялық табыс есептеледі.

Нысаналы талаптарға қатысушы болып он сегіз жасқа толмаған, нысаналы талаптарға құқығы бар Қазақстан Республикасының азаматы саналады.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сай нысаналы талаптар – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташа алынған инвестициялық кірісінің және есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы осы сомаға жыл сайын есепке жазылатын орташаланған инвестициялық кірістің елу пайызы есебінен жыл сайын қалыптастырлатын, Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толмаған азаматтары алдындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері. Өткен жылдардың нысаналы талаптарына жыл сайын есепті жылдың алдындағы он сегіз жыл үшін орташаланған инвестициялық кіріс есептеледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен Нысаналы активтер – нысаналы жинақтарды төлеуді қамтамасыз етуге және оны жүзеге асыруға, сондай-ақ заңнамада көзделген басқа да мақсаттарға арналған ақша деп айқындалды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші (жалғасы)

Қаржылық есептілікке ескертулер

(Қазақстандық мың теңгемен)

2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚР Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) ережелеріне сәйкес «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтарды нысаналы жинақтау шоттарына есепке алу мен есепке жатқызуды, нысаналы жинақтарды алушыға нысаналы жинақтау шотынан нысаналы жинақтарды алушылардың нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттарына нысаналы жинақтарды төлеуді, нысаналы жинақтардың қайтарылуын есепке алуды, сондай-ақ нысаналы талаптар, нысаналы жинақтар мен нысаналы активтер бойынша есептілік қалыптастыруды жүзеге асырады.

Қордың жалғыз акционері – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ (бұдан әрі – «ММЖК») атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Қор ҚРҰБ-тан ҚРҰБ Басқармасының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 14 қаулысымен бекітілген 2023 жыл үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару нәтижелері туралы есепті алды, онда 2023 жылдың қорытындылары бойынша есептеуге қойылатын нысаналы талаптардың сомасы, орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі, 2022 жылдың қорытындылары бойынша нысаналы талаптардың сомасына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы ақпарат (2024 жыл: 2022 жылға инвестициялық кірістің орташаланған мөлшерлемесі және нысаналы талаптардың сомасы туралы ақпарат қамтылған Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 8 маусымдағы №249 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы есеп) қамтылған.

Қордың нысаналы жинақтары мен активтері бойынша есепке алу мен есептілікке қатысты қызметті жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы қолданыстағы зейнетақы заңнамасында көзделмеген.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражат, оның ішінде нысаналы жинақтарды аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды жабуға жұмсалады деп белгіленген.

ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларында және ҚРҰБ Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу туралы нұсқаулықта күрделі шығындар, операциялық шығыстар және нысаналы жинақтар мен активтер бойынша есепке алу мен есептілікке қатысты келтірілген өзге де шығындар сияқты шығындар мен шығыстарды бөлу және жеке есепке алу жөніндегі талаптар қамтылмайды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші (жалғасы)

Қаржылық есептілікке ескертулер

(Қазақстандық мың теңгемен)

2. Есеп саясатының негізгі қағидаттары

Дайындық негіздері

Бұл қаржылық есептілік Нысаналы активтер қызметін болашақта жалғастырады деген жорамалға қарай дайындалды.

«Қаржылық есептілік беру» ХҚЕС (IAS) 1 сәйкес Нысаналы активтер есептер үшін осы стандартта қабылданғаннан басқаша атаулар пайдалана алады, өзінің пікірінше өз қызметін толықтай көрсететін атауларды таңдап алды.

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына және ҚРҰБ Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – «ҚЕС») сәйкес дайындалды. ҚЕС Нысаналы активтерді есепке алуға және қаржылық есептілікті дайындауға қойылатын белгілі бір талаптарды белгілейді. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (бұдан әрі – «ХҚЕС») ҚЕС реттемейтін мәселелерде қолданылады. Атап айтқанда, ұсыну валютасына аудару (IAS) «Валюталық бағамдардың өзгеруінің әсері» 21 ХҚЕС сәйкес орындалды.

Осы қаржылық есептілік, егер басқасы көрсетілмеген болса, қазақстандық мың теңгемен (бұдан әрі – (мың теңге)) берілді.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражаты және олардың баламалары ҚРҰБ-тағы ақша қаражатын қамтиды. ҚРҰБ-тағы ағымдағы шоттағы ақша қаражаты тек он сегіз жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтарына нысаналы жинақтарды төлеуге арналған.

Нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелер

Нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелер он сегіз жасқа толған және оларды пайдалануға құқығы бар, бірақ жылдың аяғында алушылар алмаған, төлеуге мәлімделген және алушыларға аударылған нысаналы жинақтардың теңгерімін білдіреді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші (жалғасы)

Қаржылық есептілікке ескертулер

(Қазақстандық мың теңгемен)

Нысаналы талаптарды және нысаналы жинақтарды есепке алу

Нысаналы талаптарға қатысушыларға нысаналы талаптарды есептеу олар он сегіз жасқа толғанға дейін жыл сайын жүзеге асырылады және азаматтығынан айырылған не қайтыс болған немесе соттың нысаналы талаптарға қатысушыны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда тоқтатылады.

Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінде нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақтарды төлеуді қалыптастыру және есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есептеу тәртібі айқындалған.

Бұл ретте нысаналы талаптарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») нысаналы талаптарға қатысушының он сегіз жасқа толған жылына дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі – «Ұлттық қор») басқару бойынша инвестициялық қызмет аясында қаржы құралдарына инвестициялайды.

Қазақстан Республикасының азаматы он сегіз жасқа толған жылы оның нысаналы талаптары АҚШ долларымен ақшалай баламасы түрінде көрсетілген нысаналы жинақтар мәртебесіне ие болады. ҚРҰБ-та АҚШ долларымен ашылған Қордың нысаналы активтер шотына ақша есепке алынғаннан кейін Нысаналы активтер қаржы құралдарына инвестицияланбайды. Нысаналы жинақтаулар нысаналы активтер шотына есепке алынған ақша қаражаты есебінен қалыптастырылады.

Он сегіз жасқа толған нысаналы жинақтарды алушылар оларды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалануға құқылы. Нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелер кейіннен төлеу үшін нысаналы жинақтар шотынан алушылар төлеуге мәлімдеген сома арқылы қалыптастырылады.

Нысаналы талаптарға қатысушы немесе нысаналы жинақтары бар нысаналы жинақтарды алушы қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген жағдайда, мұндай нысаналы жинақтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Нысаналы жинақтарды төлеу уәкілетті операторларда заңнамада белгіленген тәртіппен олар АҚШ долларымен ашатын нысаналы жинақтарды алушылардың банктік шоттарына, сондай-ақ нысаналы талаптарға қатысушылардың немесе нысаналы жинақтарды алушылардың соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болған не қайтыс болды деп жарияланған мұрагерлердің уәкілетті операторда доллармен ашылған банктік шоттарына есептеледі.

Нысаналы жинақтарды төлеу нысаналы талаптарға қатысушының не нысаналы жинақтарды алушының Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған жағдайда жүзеге асырылмайды.

Нысаналы жинақтарды алушы он сегіз жасқа толғаннан кейін он жыл ішінде пайдаланылмаған нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтарын Қор нысаналы жинақтау шотынан ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына аударады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші (жалғасы)

Қаржылық есептілікке ескертулер

(Қазақстандық мың теңгемен)

Функционалдық валюта

Нысаналы активтердің қаржылық есептілігіне енгізілген баптар АҚШ долларымен өлшенеді («функционалдық валюта»). Нысаналы активтердің осы қаржылық есептілігін ұсыну валютасы – қазақстандық теңге («теңге»). Барлық мәндер, егер басқа көрсетілмеген болса, бүтін теңгеге дөңгелектенген.

Есеп саясатының бұдан әрі сипатталған ережелері жүйелі түрде қолданылды.

Шетелдік валютадағы операциялар

Нысаналы активтердің қаржылық есептілігін дайындау кезінде функционалдық валютада көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күндегі жағдай бойынша есепті күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша қазақстандық теңгеге, ал функционалдық валютада көрсетілген ақша қаражатының қозғалысы операция жасалған күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша аударылады.

Нысаналы активтер осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланған айырбастау бағамы мынадай болды:

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	505.53	525.11

3. Ақша қаражаты және олардың баламалары

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
ҚРҰБ-тағы ағымдағы шот	40,009,474	13,662,258
Ақша қаражаты және олардың баламаларының жиыны	40,009,474	13,662,258

4. Нысаналы жинақтар

2025 жылы Бағдарламаға қатысушылардың нысаналы жинақтау шоттарына 76,402,744.38 АҚШ доллары есепке алынды (2024 жыл: 30,640,003.80 АҚШ доллары), нысаналы жинақтарды алушылардың санына шаққанда 324,430 адам есебінен (2024 жыл: 304,815 адам). Нысаналы жинақтау шоттарына есептелген нысаналы жинақтар сомасы 75,896,927.74 АҚШ доллары мөлшеріндегі нысаналы активтер шотына түскен сома және Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан, бұрын есепке алынған және Бағдарламаға қатысушы болуға құқығы жоқ алушылар бойынша 505,816.64 АҚШ доллары мөлшеріндегі нысаналы жинақтар сомасы есебінен қалыптастырылды.

2025 жылы Бағдарламаның бір қатысушысына нысаналы жинақтар сомасы 232.94 АҚШ долларын құрады (2024 жыл: 100.52 АҚШ доллары) есепті жыл үшін 3.04 АҚШ долларындағы инвестициялық кірісті қоса алғанда (2023 жылдан бастап қатысу шартымен).

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші (жалғасы)

Қаржылық есептілікке ескертулер

(Қазақстандық мың теңгемен)

Осы қаржылық есептілікте көрсету үшін 2025 жылы нысаналы жинақтау шоттарына есепке алынған нысаналы жинақтар сомасы 2025 жылғы 29 қаңтардағы 516.85 АҚШ доллары бағамы бойынша 39,488,758 мың теңгені құрады (2024 жыл: 2024 жылғы 30 қаңтардағы 448.17 АҚШ доллары бағамы бойынша 13,731,931 мың теңге), ал 2025 жылы нысаналы активтердің шотына түскен сома 2025 жылғы 29 қаңтардағы 516.85 АҚШ доллары бағамы бойынша 39,227,327 мың теңгені құрады.

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін
Жыл басындағы нысаналы жинақтар	13,329,097	-
Нысаналы активтердің түсімі	39,227,327	13,731,931
Жыл ішіндегі нысаналы жинақтарды төлеу	(11,916,424)	(2,237,339)
Төлеуге міндеттемелер	(171,375)	(333,161)
Ақша қаражатының қозғалысын ұсыну валютасына қайта есептеудің әсері	(630,526)	2,167,666
Жыл аяғындағы нысаналы жинақтар	39,838,099	13,329,097

5. Нысаналы жинақтарды төлеу

2025 жылы нысаналы жинақтарды төлеу 22,771,206 АҚШ долларын құрады (баламасы 11,916,424 мың теңге, нысаналы жинақтау шоттарынан төлемдерді жүзеге асыру күні қолданыста болған бағамдар бойынша) (2024 жыл: 4,622,106 АҚШ доллары (баламасы 2,237,339 мың теңге, нысаналы жинақтау шоттарынан төлемдерді жүзеге асыру күні қолданыста болған бағамдар бойынша). Нысаналы жинақтарды төлеу тұрғын үй жағдайларын жақсарту, білім алу ақысын төлеу және мұрагерлерге төлем жүргізу үшін жүзеге асырылды.

6. Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару қызметтің негізінде жатыр және операциялық қызметтің маңызды бөлшегі.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – Нысаналы активтердің контрагенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауының салдарынан шығын тарту тәуекелі.

ҚРҰБ кредиттік рейтингі «BBB» деңгейінде, болжам – тұрақты. Рейтингтің негізгі факторы – елеулі сыртқы резервтер мен фискалдық тұрақтылықты сақтау, сыртқы күйзелістерге төзімділік.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының азаматтары алдындағы міндеттемелері бойынша Нысаналы активтердің сомаларын төлемеу ықтималдылығы жоқ, себебі Нысаналы активтердің кредиттік тәуекелі төмен.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші (жалғасы)

Қаржылық есептілікке ескертулер

(Қазақстандық мың теңгемен)

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – Нысаналы активтердің өз міндеттемелерін олар басталған кезде орындай алмау қаупі. Өтімділік тәуекелін басқару – Нысаналы активтердің тәуекелдерді басқару үдерісінің негізгі бағыттарының бірі және ақша қаражатының қозғалысын талдау арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері бойынша Нысаналы активтердің сомаларын төлемеу ықтималдылығы жоқ.

Валюталық тәуекел

Нысаналы активтердің активтері мен міндеттемелері бір валютада – АҚШ долларында көрсетілген.

7. Шартты міндеттемелер

Операциялық орта

Қазақстан Республикасын қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары дамыған нарықтардың тәуекелдерінен басқа экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге бейім. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеруі мүмкін, оларды еркін түсіндіру мүмкіндігі де бар. Қазақстан Республикасының болашақ даму бағыты көбіне мемлекеттің салық және кредиттік-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты болады.

Қазақстанның мұнай мен газдың үлкен көлемін өндіріп, экспорттайтынына байланысты Қазақстан экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағасының өзгеруіне ерекше сезімтал. Сондай-ақ экономиканың жағдайына ірі инфрақұрылымдық жобаларға және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының түрлі бағдарламаларына мемлекеттік шығыстар айтарлықтай әсер етеді.

2025 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне 69 АҚШ долларын құрады (2024 жыл: барреліне 81 АҚШ доллары). 2025 жылдың қорытындысы бойынша алдын ала бағалауға сай Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімінің («ЖІӨ») өсімі жылдық мәнде 6.5% болды (2024 жыл: ЖІӨ өсімі 5%). 2025 жылы елдегі инфляция жылдық есеппен 12.3%-ға өсті (2024 жыл: 8.6%). 2025 жыл ішінде ҚРҰБ базалық мөлшерлемені +/- 1.0 п.т. дәлізімен жылына 15.25%-дан 18%-ға дейін көтерді. ҚРҰБ құбылмалы теңге айырбастау бағамы кезінде таргеттеу режимінде ақша-кредит саясатын ұстанады. Теңгенің АҚШ долларына ресми айырбастау бағамы 2025 жылғы 1 қаңтардағы АҚШ доллары үшін 525.11 теңгеден 2025 жылғы 31 желтоқсандағы 505.53 теңгеге дейін өзгерді. Геосаяси тәуекелдердің болашақтағы өзгерісіне және олардың Қазақстан экономикасына ықпалына қатысты белгісіздік сақталуда.

Қор басшылығы экономикалық, саяси және геосаяси жағдайдың ағымдағы өзгерістерін қадағалайды және таяу болашақта Қордың тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдайды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Нысаналы Активтер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші (жалғасы)

Қаржылық есептілікке ескертулер

(Қазақстандық мың теңгемен)

8. Байланысқан тараптармен операциялар

Бақылау қатынастары

Шетел валютасымен ағымдағы шотты жүргізуді ҚРҰБ Қор мен ҚРҰБ арасында жасалған 2023 жылғы 7 желтоқсандағы №612 ҰБ шарт негізінде жүзеге асырады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор ММЖК арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметіне тиесілі болды.

Байланысқан тараптармен операциялар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша, 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Нысаналы активтердің байланысқан тараптармен операциялары бойынша қалдық мынадай:

	ҚРҰБ	Қор	Жиыны	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес жиыны
Таза нысаналы активтер туралы есеп				
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және оның баламалары	40,009,474	-	40,009,474	40,009,474

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша, 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Нысаналы активтердің байланысқан тараптармен операциялары бойынша қалдық мынадай:

	ҚРҰБ	Қор	Жиыны	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес жиыны
Таза нысаналы активтер туралы есеп				
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және оның баламалары	13,662,258	-	13,662,258	13,662,258

9. Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар

ҚРҰБ-тан 2025 жылғы 7 қазанда келіп түскен 2025 жылғы 16 қазандағы өзгерістер мен толықтырулармен бірге ақпаратқа сәйкес 2026 жылы нысаналы жинақтау шоттарына есепке жазылған 2025 жылға нысаналы талаптардың сомасы 132,700,562.98 АҚШ долларын құрады.